

№ 1 педагогикалық кеңесте

Бекітілген.

31.08.2022жыл

Бекітемін:

Балабақша менгерушісі:



Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2022-2023 оку жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективтік жоспары.  
«Айгөлек» МАД тобы

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 – 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы: «ТОО Хан Тәңірі-7» балабақшасы**

**Топ/сынып: Мектепалды топ «Айгөлек»**

**Балалардың жасы: 5 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі: 2022-2023 оқу жылы**

<b>Айы</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>
<b>Қыркүйек</b>	<b>Дене шынықтыру</b>	<p>Бұрын үйретілген жаттығуларды қайталау, бекіту, қимыл біліктері мен дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар. "Кол кеуденің алдында" қалпынан қолды жанына қарай созу, "қолды желкеге қою" қалпынан қолды жоғары көтеру және жанына қарай созу; қол саусақтарын айқастыру "құлып", алға-жоғары көтеру (алақанды сыртқа қарай айналдыру); қолды бір мезгілде жоғары-артқа және кезектесіп көтеру.</p> <p>Допты басынан асыра (алға және артқа) бір-біріне беру, қолды алға созып онға, солға бұрылу, гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсынан жіңішке тақтайшаны ұстап, алға еңкейіп, иілу, гимнастикалық қабырғаға арқасымен тіреліп тұрып, қолын белінің тұсына сай рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бұгу және тік көтеру, алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу, айқасқан қолдарын артына көтеру, екі жанына созылған қолдарын жоғары көтеру, тізерлеп тұрып, алға еңкею, отыру. 5 метрге дейін қолмен журу (екінші бала бірінші баланың аяғынан ұстап жүреді).</p>
	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</p> <ol style="list-style-type: none"><li>1) дыбыстарды дұрыс, анық айтуды бекіту, айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз г – f, л – r, ж – z, с – з, ж – ш, н – н, х – h дыбыстарын естуі бойынша ажыратуға және анық айтуға үрету;</li><li>2) дыбыстардың нақты артикуляциясын, интонациялық мәнерлігін</li></ol>

	<p>қалыптастыру;</p> <p>3) берілген дыбысқа сөз таңдауға, сөздерді дыбысталуы бойынша салыстыра білуге үйрету.</p> <p>Сөздерге дыбыстық талдау жасау дағдыларын қалыптастыру.</p>
<b>Көркем әдебиет</b>	<p>1) оқу, әңгімелу. Шығармалардың эмоционалды-бейнелік мазмұнын қабылдауға, баяндау сипатын сезінуге баулу. Әдеби жанр түрлерін түсіндіру: ертегі, әңгіме, өлең. Балаларды шығарма кейіпкерлерімен таныстыру. Әдеби шығармалардағы қоғамдық өмір оқигалары туралы, қоршаған орта, табиғат туралы түсініктерін қалыптастыру, қазақ халқының, ұлттар мен ұлыстардың салт-дәстүрі, тұрмыс-тіршілігі, мәдениеті туралы ауыз әдебиеті шығармалары негізінде түсінік беру;</p>
<b>Саят ашу негіздері</b>	<p>1) "Сөз" және "дыбыс" терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру.</p> <p>2) балаларды сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілеуге үйрету. Қатаң және ұян дауыссыз дыбыстарды ажыратада білуге үйрету;</p> <p>3) дыбыстық құрылымы әртүрлі үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауға, дыбыстардың айтылу және дыбысталу ерекшеліктерін талдауға үйрету;</p> <p>4) қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру және қаламды немесе қарындашты дұрыс ұстауға үйрету. Сызбаларды (штрихтарды), жиектерді салуға үйрету.</p>
<b>Қазақ тілі</b>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</p> <p>1) қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтуды және еске сақтауды, осы сөздерді қолдануды үйрету; қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айтуды үйрету ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ;</p> <p>2) сөйлеу және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және айқын дикцияны дамыту.</p> <p>Сөздік қор:</p> <p>1) күнделікті өмірде кездесетін кейбір тұрмыстық заттардың жемістердің,</p>

	<p>көгөністердің, жануарлардың, құстардың атауларын айту және түсіну (киіз үй, оның ішінде жиһаз, түрмисстық заттар) дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>2) заттардың белгілерін (түсі, көлемі), заттармен орындалатын әрекеттерді білдіретін сөздерді айтуды және түсінуді үйрету;</p>
<b>Математика негіздері</b>	<p>Жиын.</p> <p>Сандар түрлі жиындардың көрсеткіштері екендігі және жиын түрлі элементтерден құрылатындығы жайлы түсінігін дамыту. "Бір" деген ұғым – бір ғана заттың санын ғана емес, сонымен қатар бүтін бір топтың жиынтығын да білдіретіндігін таныстыру.</p> <p>Сан, санау.</p> <p>Математикалық терминдерді қолдана білуді, 6 саны көлеміндегі сан мен цифр туралы ұғымдарын қалыптастыру, оларды тану және атай білуді үйрету. Көрнекілік негізінде 2, 3, 4, 5, 6 санының пайда болуымен таныстыру. 7 көлеміндегі санды тұра және кері санауға үйрету. 7-ден 10-ға дейінгі сандар мен цифrlар туралы ұғымдарын қалыптастыру, оларды тану және атай білуді үйрету. Көрнекі негізінде 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен таныстыру. 10 көлеміндегі санды тұра және кері санауға үйрету.</p>
<b>Сурет салу</b>	<p>Заттық сурет салу:</p> <p>1) балаларды елестету және заттарға қарап гүлдер, көкөністер, жемістер, ойыншықтар, күрделі емес сұлбаларды өздеріне тән ерекшеліктерін бере отырып салу дағдыларын қалыптастыру. Серуен кезіндегі бақылаудан кейін - ағаштың құзғі жапырақтары, үй, трамвай, автобус; серуен мен саяхат кезінде алған әсерлерін суретте бейнелеу;</p> <p>2) пішіндер туралы білімдеріне сүйене отырып, негізгі пішінін, заттар мен олардың бөліктерінің үйлесімділігін нақты беруге, бөліктердің салыстырмалы көлемі мен орналасуына, түстер туралы біліміне сүйене отырып, заттардың</p>

	<p>түстеріне, өз талғамымен түстерді таңдауға үйрету;</p> <p>3) бірнеше біртекті заттардың мөлшеріндегі ерекшеліктерін жеткізе білу іскерліктерін қалыптастыру.</p>
<b>Мұсіндеу</b>	<p>Заттық мұсіндеу.</p> <p>Келесі дағдыларды қалыптастыру:</p> <p>1) балаларды затқа қарап немесе көз алдарына елестету арқылы көлемі мен пішіні әртүрлі таныс заттарды, көкөністер мен жемістерге тән ерекше бөліктерді бейнелеуде барлық қол білектері мен саусақтарын дұрыс қозғалту техникасын сақтай отырып, мұсіндеуге;</p> <p>2) қарапайым қатынастарды сақтай отырып адам мен жануарлардың пішінін мұсіндеуге үйрету;</p> <p>3) көшеде, үйде және балабақшада көрген заттарын бейнелей отырып, елестету арқылы мұсіндеу.</p>
<b>Жапсыру</b>	<p>Балалардың қайшыны қолдану біліктерін бекіту: жолақшаларды тікбұрыштар етіп қиу, шаршыларды үшбұрышты етіп қиу, шаршы немесе тікбұрыштың шеттерін қиу арқылы дәнгелек пен сопақша пішіндерді қылп алу.</p> <p>Келесі дағдыларды қалыптастыру:</p> <p>1) екіге бүктелген қағаздан, түрлі қатпарлы бейнелерді қиуды;</p> <p>2) қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндердегі заттарды қиуды;</p> <p>3) елестету бойынша бірнеше бөліктерден заттар жасауды;</p> <p>4) жырту тәсілімен жапсыруды.</p> <p>Қағаздан дайындалған тікбұрыштардан дәнгелек пішіндерді қылп алу, заттарды бірнеше бөліктерден бейнелей білуді бекіту.</p>
<b>Құрастыру</b>	<p>Қағаздан құрастыру.</p> <p>Қағазды ортасынан, төртке бөліп бүктеуге, түрлі бағытта, тегістеп бүктей білуге үйрету. 14 бірдей бөлікке қигаштай бөлінген (бұрыштарының басын дәл қосу) ұсақ</p>

	<p>заттарды дайындауда шаршы қағазын бүктеу біліктерін қалыптастыру.</p> <p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.</p> <p>Табиғи және қалдық материалдардың түрлерімен таныстыру. Табиғи материалдардан ұсақ заттар дайындай білуге үйрету.</p>
<b>Музыка</b>	<p>Музыка тыңдау.</p> <p>Шығармалардың эмоционалдық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін, әсерлі реңктерін ажырату. Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айтуды. Қазактың ұлттық аспабының дыбысталуымен таныстыру. Ұлттық, домбырада және қобызда орындалатын "күй" жанрымен таныстыру, күйші-композитор: күйші Құрманғазының, қобызшы Қорқыттың шығармашылығымен таныстыру.</p>
<b>Коршаған ортамен таныстыру</b>	<p>Бала, оның отбасы, үйі:</p> <p>1) туыстық байланыс, өзінің жасын, толық аты-жөнін, тегін, ата-анасының, отбасы мүшелерінің аты-жөнін, балабақша, топ атауын, нөмірін айта білу, үйден балабақшага дейінгі жолды анықтау туралы түсініктерін қалыптастыру;</p> <p>2) балаларда өз отбасының мүшелеріне қамқорлық білдіру ниетін, үй тапсырмаларын орындау, өзінің мейірімділік сезімдерін отбасы мүшелеріне сөзбен айта білуді тәрбиелеу.</p> <p>Заттар әлемі, кеңістікте бағдарлау:</p> <p>1) заттар, олардың белгілері мен ерекшеліктері туралы ұғымдарын қалыптастыру. Балалардың сөйлеу тіліне түрлі заттардың атауларын нақтыладап, енгізу, таныс емес заттардың қолданылуын түсіндіру. Заттардың қандай материалдан жасалғандығын анықтап, сипаттама беріп, оның сапасы мен ерекшелігін дұрыс анықтай білуге үйрету;</p> <p>2) айналадағы заттар, құрылыш материалдары арасындағы міндет пен байланысты, оның неден жасалғандығы туралы түсінік беру;</p> <p>3) балабақша жақын орналасқан шағын ауданда, балабақша ауласында еркін бағыт-бағдар үстай білу іскерліктерін жетілдіру.</p>

--	--	--

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы**

**негізінде 2022 – 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы: «ТОО Хан Тәңірі-7» балабақшасы**

**Топ/сынып: Мектепалды топ «Айгөлек»**

**Балалардың жасы: 5 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі: 2022-2023 оқу жылы**

<b>Айы</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>
<b>Қазан</b>	<b>Дене шынықтыру</b>	<p>Жүру: сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тіzenі жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру; белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру, қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру; ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру; заттардың, кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүру; қосалқы қадаммен алға қарай жүру.</p> <p>Тепе-тендікті сақтау: заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру; скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру, арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүру, әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тақтай, гимнастикалық скамейка бойымен жүру; гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту; қолдарынан ұстап, жұптарымен айналу.</p> <p>Жүгіру: шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тіzenі жоғары көтеріп жүгіру; бір сызыққа қойылған заттардың арасымен, кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру, кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 минут тоқтамай жүгіру; жүрумен алмастыра отырып, 100-120 метр арақашықтықта жүгіру; белгіленген жерге дейін жылдамдыққа (ұзындығы 20 метр) жүгіру.</p>

	<p>Еңбектеу, өрмелегу: жүргүруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу; допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 метр); гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелегу; бірнеше заттардан еңбектеп өту, әртүрлі тәсілдермен күрсаудың ішіне еңбектеп өту, гимнастикалық қабырғамен өрмелегу және бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелегу.</p>
<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұксас дауыссыз бп, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үрету.</p> <p>Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соны). Артикуляциялық жаттығулар жасау.</p> <p>Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу.</p>
<b>Көркем әдебиет</b>	<p>Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (әпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.</p>
<b>Саят негіздері ашу</b>	<p>Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау</p>
<b>Қазақ тілі</b>	<p>Тілдік дамытушы орта.</p> <p>Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының түрмистық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі түрмистық кәсібімен, түрмиста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтары, туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру. Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.</p>
<b>Математика</b>	Жиын.

<b>негіздері</b>	<p>Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (тұсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қымылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру, жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру.</p> <p>«Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру.</p> <p>Сан және санау.</p> <p>10 көлеміндегі сандарды тұра және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен, 0 дең 9 дейінгі цифрен таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру.</p> <p>10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алыш тастау арқылы теңсіздік шығару.</p>
<b>Сурет салу</b>	<p>Заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу, сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістіктік қатынастарды жеткізе білу. Парақта кеңістіктегі заттардың қалпын беру, заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсіндіру (тұрады, жатады және қалпын өзгерте алады), тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы беру (өсімдіктер, жануарлар, құстар).</p>
<b>Мұсіндеу</b>	<p>Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мұсіндеудің ерекшеліктерін білу.</p> <p>Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көгөністерді, жемістерді, ойыншықтарды, ыдыстарды мұсіндеу, оларға тән ерекшеліктерді беру, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мұсіндеу.</p>
<b>Жапсыру</b>	<p>Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан ұшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын</p>

	<p>қио арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қып алу. Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қио.</p>
<b>Құрастыру</b>	<p>Құрылыш материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрастыруға, күрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. Құрастырылған құрылышы мен құрылыштың шынайы бейнесі арасында байланыс орнату. Қағаздан құрастыру.</p> <p>Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін (тақия, сөукеле, кимешек) және ыдыстарын құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен безендіру.</p>
<b>Музыка</b>	<p>Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. Классикалық, халықтық және заманауи музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру</p> <p>Музыка тындау.</p> <p>Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажыратада білуге үйрету. Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айтуда.</p> <p>Музыканың сипатын бейнениң мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру.</p> <p>Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру.</p> <p>Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, қүй, марш, би) үйрету. Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру.</p>
<b>Коршаған ортамен таныстыру</b>	<p>Бала, оның отбасы, үйі.</p> <p>Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ержетуі мен еңбек етуі, болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, болашақта мектепте окуға ынтасын арттыру, жаңаны тануға, өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал ету.</p> <p>Өзінің болашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне сенімді болуға, қоғамға пайдасын тигізуге баулу. Еңбекқорлық пен жауапкершіліктің</p>

маңызын түсіну, өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру.

Тұстық байланыстарды түсіну (өз жұрты, атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын білу. Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету, үй шаруасына көмектесу, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеу.

Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау.

Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау.

Үй-жайларда, балабақша ауласында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлай білу.

Көлік, байланыс құралдары.

Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну, ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау.

Еңбекке баулу.

Әртүрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау.

Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. Еңбек ардагерлерін, қарттарды құрметтеу, үлкенді сыйлау, олардың еңбегін бағалау.

Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Топта тазалық сақтауға, ойыншықтарды сұртуге, табигат бұрышындағы тіршілік иелеріне күтім жасауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға, жоспарланған нәтижеге жетуге, өзі мен құрдастарының еңбегінің, шығармашылық әрекеттерінің нәтижелерін бағалауға және құрметпен қарауға, кішілерге көмек көрсетуге, қажет болған жағдайда оларға жүгінуге баулу. Айналадағы заттар, ойыншықтар адамның еңбегімен жасалғанын түсіну және оларға ұқыпты қарау

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы**

**негізінде 2022 – 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы: «ТОО Хан Тәнірі-7» балабақшасы**

**Топ/сынып: Мектепалды топ «Айғөлек»**

**Балалардың жасы: 5 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі: 2022-2023 оқу жылы**

<b>Айы</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>
<b>Қараша</b>	<b>Дене шынықтыру</b>	<p>Секіру: бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру, екі тізенің арасына қапшықты қысып алғып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру; қос аяқпен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр), оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен (арақашықтығы 3 метр), бір орында тұрып биіктікке секіру (6-8 метр); бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру (арақашықтығы 40 сантиметр), алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіру, оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіру, түрған орнында айналып секіру; биіктікten секіру, 20 сантиметр дейінгі биіктіктікке секіру.</p> <p>Лақтыру, қағып алу, домалату: допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу; допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату, допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу; 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанага құм салынған қапшықты, асықты лақтыру, допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 метр) басынан асыра лақтыру, допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізу, допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4–5 метр).</p> <p>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру,</p>

		бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, онға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру.
<b>Сөйлеуді дамыту</b>		<p>Сөздік қор.</p> <p>Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байту.</p>
<b>Көркем әдебиет</b>		Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру.
<b>Саят ашу негіздері</b>		Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау.
<b>Қазақ тілі</b>		<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ү, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соны).</p>
<b>Математика негіздері</b>		<p>. Тенденция туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау.</p> <p>Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру.</p>
<b>Сурет салу</b>		Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау
<b>Мұсіндеу</b>		Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мұсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шуберекпен тегістейу және кескішті пайдалану.
<b>Жапсыру</b>		Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қиу, ою, флористика элементтерін) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру.
<b>Құрастыру</b>		Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды құрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру. Өзінің құрастырған құрылышын

	талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табу, оларды құрастыруда қолдану. Дербестікті, шығармашылықты, бастаманы қолдау.
<b>Музыка</b>	<p>Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, күйші-композиторлар: Құрманғазының, Қорқыттының, Тәттімбеттің, Дина Нұрпейісованың, Дәuletкерей Шығайұлының, Ықылас Дүкенұлының шығармаларымен таныстыру.</p> <p>Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің (шығарманың) сипатына сәйкес би қымылдарын орындаі білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу.</p> <p>Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік ұлгілерін тыңдауға баулу.</p>
<b>Коршаған ортамен таныстыру</b>	<p>Адамгершілік және патриоттық тәрбие.</p> <p>Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адаптулауға, еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға, сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауда, айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге, жалған сөйлемеуге, өзінің педагогтерін, үлкендерді сыйлауда, кішіге қамқор болуға баулу. Өз құрдастарын тарта отырып, ұлттық ойындар ойнау, Қазақстан мемлекетінің рәміздеріне құрмет көрсету.</p> <p>Тұған өлкө, ел, Отан, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін көңейту. Қазақстан Республикасының Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіну.</p> <p>Мемлекеттік мерекелердің (Жаңа жыл, Халықаралық әйелдер күні, Наурыз мейрамы, Қазақстан халқының бірлігі мерекесі, Отан қорғаушы күні, Женіс күні, Астана күні, Қазақстан Республикасының Конституциясы күні, Республика күні), ұлттық мереке (Тәуелсіздік күні) маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысу. Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері Тоқтар Әубекіров, Талғат Мұсабаевті білу, оларды құрметтеу.</p> <p>Қазақстан Республикасының бас қаласы – Астана, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын байыту.</p>

Тірі және өлі табиғаттың, Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсіну. Қазақ халқының киіз үйінің маңыздылығын, оның құрылышы мен ішкі жабдықтарын білу. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу, қазақ халқының құндылықтарына құрмет таныту.

Өз Отанын жақсы көру, оны қорғаудың, Қазақстан әскерінің маңыздылығын түсіну. Ұлы Отан соғысы жылдарында Отанын қорғаган қазақстандық жауынгерлердің - Кенес Одағының батырлары Бауыржан Момышұлының, Әлия Молдагұлованың, Мәншүк Мәметованың, Халық қаһарманы Рахымжан Кошқарбаевтың ерліктері туралы білу, оларды құрметтеу.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы**  
**негізінде 2022 – 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы: «ТОО Хан Тәңірі-7» балабақшасы**

**Топ/сынып: Мектепалды топ «Айгөлек»**

**Балалардың жасы: 5 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі: 2022-2023 оқу жылы**

<b>Айы</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>
<b>Желтоқсан</b>	<b>Дене шынықтыру</b>	<p>Таныс дene жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Тұзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар.</p> <p>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою. Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұры). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру.</p> <p>Кеудеге арналған жаттығулар. Допты жоғарыдан (алға және артқа) бірбіріне беру. Қолды алға көтеріп онға, солға бұрылу. Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею. Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бұгу және тік көтеру. Алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу. Қолдарын айқастырып желкеге қою, қолды жазып, екі жаққа созу. Алға қарай еңкейіп, алақанды еденге тигізу; артқы жағынан қолды айқастырып көтеру; қолды жоғары көтеріп, жан-жаққа бұрылу. Отырып алға қарай еңкею, тізерлеп тұрып алға еңкею.</p>
	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<p>Сөйлегендеге көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу.</p>

	<p>Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p>
<b>Көркем әдебиет</b>	<p>Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну.</p>
<b>Саят ашу негіздері</b>	<p>Бұындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету. Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну</p>
<b>Қазақ тілі</b>	<p>Сөздік қор. Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (кереге, уық, шаңырақ, ағаш керует, кебеже, сандық, кілем, сырмақ, алаша, ши, бау, басқұр, арқан, жіп), азық-тұлік атауларын (бидай, күріш, арпа, жүгері, талқан, тары, жент, құрт, сұзбе, шұбат, қымыз, айран), аңшылық кесіпті (аң, аңшы, орманшы, қорықшы), мал өсіруге байланысты (қора, жайлау, қыстау, жем, астау, соғым, сыбаға), егіншілік кесіпке байланысты (дән, тұқым, суару, отау, ору, диірмен, орақ, кетпен, шалғы, айыр, күрек, тырма, соқа) сөздермен толықтыру.</p>
<b>Математика негіздері</b>	<p>Шама. Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру. Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану. Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету. Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру. Беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу.</p>
<b>Сурет салу</b>	<p>Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу), қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, бейнелеу, түсті қанық беру үшін қағаздың фонын таңдау және</p>

	<p>бояуларды үйлестіру, өз жұмысының нәтижелерін бағалау.</p> <p>Бейнелеу әдістерін (штрихтар, бояуларды араластырып, кляксография, жіппен) қолдану.</p>
<b>Мүсіндеу</b>	Адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу
<b>Жапсыру</b>	Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен (кілем, алаша, сырмақ, ши, көрпе, жастық), киіз үйдің жабдықтарымен (кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық, басқұр) таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қызып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру.
<b>Құрастыру</b>	<p>Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу.</p> <p>Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту</p>
<b>Музыка</b>	<p>Ән айту.</p> <p>Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру.</p> <p>Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда женіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.</p>
<b>Коршаған ортамен таныстыру</b>	<p>Жол қозғалысы ережелері.</p> <p>Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жұру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, электросамокат, гироцикл, сигвейге арналған жол) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау.</p> <p>«Балалар», «Трамвай аялдамасы», «Автобус аялдамасы», «Метро аялдамасы», «Тройллебус аялдамасы», «Жаяу жүргіншілер жолы», «Велосипедке арналған жол (электросамокат, гироцикл, сигвей)» жол белгілерімен таныстыруды жалғастыру.</p> <p>Табиғатпен таныстыру</p>

Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. «Өлі табиғат» үғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сұңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр); өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу.

Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну.

Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату.

Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың маңызын түсіну.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы**

**негізінде 2022 – 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы: «ТОО Хан Тәңірі-7» балабақшасы**

**Топ/сынып: Мектепалды топ «Айгөлек»**

**Балалардың жасы: 5 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі: 2022-2023 оқу жылы**

<b>Айы</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>
<b>Қаңтар</b>	<b>Дене шынықтыру</b>	<p>Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар. 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды).</p> <p>Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет); гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет).</p> <p>Арқаға арналған жаттығулар: отырып алға, артқа енкею (5–6 рет), стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау, қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр).</p> <p>Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту.</p>
	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<p>Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту.</p> <p>Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу.</p> <p>Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, «Асар», «Сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін түсіндіру, балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп, келісіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу</p>
	<b>Көркем әдебиет</b>	<p>Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айтуда. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын,</p>

		интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау.
<b>Саят ашу негіздері</b>		Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру.
<b>Қазақ тілі</b>		<p>Тұстық қарым-қатынасты («бауыр», «немере», «шөбере», «ағайын», «туысқан», «жеті ата») білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің бауырлары, туystары, ағайындары, татулық, жақындық, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу.</p> <p>Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпактар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Балаларды шешендей өнерге, айтыс өнеріне баулу</p>
<b>Математика негіздері</b>		<p>Геометриялық фигураалар.</p> <p>Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру. Геометриялық фигураалар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажыратада білуге жаттықтыру</p>
<b>Сурет салу</b>		<p>Жаңа түстер (кулгін) және ренктерді (көк, қызыл, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығару (гуашпен сурет салу кезінде).</p> <p>Тұзу, ирек, жіңішке, жалпақ сзықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нұктелерді ырғакты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту, түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру, ақ және түрлі-түсті фондарды қолдана отырып, түсті таңдау.</p>
<b>Мүсіндеу</b>		Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу
<b>Жапсыру</b>		Сюжеттік композициялар жасау
<b>Құрастыру</b>		<p>Дайын ұлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қиу үшін қайшыны қолдану.</p> <p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру</p>
<b>Музыка</b>		<p>Музыкалық-ырғактық қимылдар.</p> <p>Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғакты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғакпен жүгіру,</p>

	<p>жүрелеп отыру арқылы бере білу.</p> <p>Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді менгеру.</p>
<b>Коршаған ортамен таныстыру</b>	<p>Өсімдіктер әлемі.</p> <p>Тұған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту, «орман», «шалғын» және «бақша» ұғымдарымен таныстыру.</p> <p>Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: өсімдік жапырақтары, сабактарының қозғалуы, гүлдердің күн шыққанда жапырақтарының ашылуы және кешке жабылуы, тамырдың суды сорып, сабағы арқылы су өткізіп, басқа бөліктерін қоректендіруі, өсімдіктердің өсуі үшін ылғалдың, жарықтың, жылу мен тыңайтқыштың қажеттігі олардың жылуды, сұықты, күнді немесе бұлтты ауа-райын сезуі, олардың өсуі және көбеюі.</p> <p>Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сұрту.</p> <p>Нанға ұқыпты қарауға, бидайды өсіруге және өндіргуге қатысатын адамдардың еңбегін күрметтеуге тәрбиелеу.</p>

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы**

**негізінде 2022 – 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы: «ТОО Хан Тәңірі-7» балабақшасы**

**Топ/сынып: Мектепалды топ «Айгөлек»**

**Балалардың жасы: 5 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі: 2022-2023 оқу жылы**

<b>Айы</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>
<b>Ақпан</b>	<b>Дене шынықтыру</b>	<p>Спорттық жаттығулар.</p> <p>Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.</p> <p>Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау.</p> <p>Сырғанау. Өз бетінше мұзды жолмен сырғанау, жүгіріп келіп сырғанау.</p> <p>Шаңғымен жүру. Бірінің артынан бірі ауыспалы қадаммен алға жылжу, он және сол аяқтарымен сырғанау. Бір орнында тұрып онға, солға бұрылу, айналу.</p> <p>Велосипед, самокат тебу. Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу. Онға және солға бұрылу.</p>
	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<p>Тілдің грамматикалық құрылымы.</p> <p>Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.</p> <p>Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту.</p>
	<b>Көркем әдебиет</b>	Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару.

		Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру
<b>Саят негіздері</b>	<b>ашу</b>	Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажыратып, өзінде қолдана білудің жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.
<b>Қазақ тілі</b>		Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді жіктең, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегендегі қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.
<b>Математика негіздері</b>		Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, құрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигуralарға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау. Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту, қағаз парағын тәң және тәң емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру, 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру
<b>Сурет салу</b>		Қазақ ою-өрнектерінің түрлері («түйетабан», «құсқанаты», «құстұмсық», «жапырақ», «жауқазын», «жетігүл», «жұлдызгүл») туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту. Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояу, параптың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, он және сол жақтарын ажырату, тік сызықтардың әртүрлі үйлесуімен құрылған қазақ ою-өрнегінің элементтерін салу
<b>Мұсіндеу</b>		Мұсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мұсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау). Затқа қарап мұсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мұсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану.
<b>Жапсыру</b>		Композицияларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару.
<b>Құрастыру</b>		Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету. Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс жасау кезінде өзінің әрекетін жоспарлау дағдыларын

	жетілдіру, дербестік пен шығармашылық танытып, мақсатты түрде жұмыс жасай білу. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу
<b>Музыка</b>	<p>Билер.</p> <p>Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музикалық фразаларға сәйкес өзгерту.</p> <p>Қазақ халқының би өнерімен таныстыру, қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, әнкүйлерімен, дәстүрлі түрмис салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру, балаларға «Қаражорға» биін билету.</p>
<b>Коршаған ортамен таныстыру</b>	<p>Жануарлар әлемі.</p> <p>Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажырату.</p> <p>Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау, жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажыратада білу, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау.</p> <p>Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: жануарлар қозғалады (жүреді, жүгіреді, секіреді, ұшады, қозғалады); қоректенеді (өсімдіктердің жапырақтары, сабағы, бұтақтары, қабығы, шырыны, тұқымдарымен, етпен, жәндіктермен); өседі және көбейеді, қоршаған ортаны көз, мұрын, тіл, құлақ, тері көмегімен сезе білу.</p> <p>Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алан); қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу); табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю, итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл) бойынша топтастыру.</p>

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы**

**негізінде 2022 – 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы: «ТОО Хан Тәнірі-7» балабақшасы**

**Топ/сынып: Мектепалды топ «Айгөлек»**

**Балалардың жасы: 5 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі: 2022-2023 оқу жылы**

<b>Айы</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>
<b>Наурыз</b>	<b>Дене шынықтыру</b>	<p>Спорттық ойындар.</p> <p>Баскетбол элементтері. Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лактыру.</p> <p>Допты оң және сол қолмен алып жүргүре жаттықтыру.</p> <p>Футбол элементтері. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу.</p> <p>Допты заттарды айналдыра жүргізу.</p> <p>Допты қақпаға тебу.</p> <p>Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу.</p> <p>Хоккей элементтері. Берілген бағытта қақпаға хоккей таяқпен шайбаны сырғанату, оны қақпаға кіргізу.</p>
	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<p>Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру,</p> <p>әңгімелесушіні мұқият тыңдалап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстая, әдепті және сабырлы болу.</p>
	<b>Көркем әдебиет</b>	<p>Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлышынысын дамыту, сөйлегендеге мақал-мәтелдерді қолдануға баулу.</p>
	<b>Саят негіздері ашу</b>	<p>Геометриялық фигуralардың, көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу</p>
	<b>Қазақ тілі</b>	<p>Байланыстырып сөйлеу.</p>

		Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мүқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу.
<b>Математика негіздері</b>		<p>Кеңістікті бағдарлау.</p> <p>Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа.</p> <p>Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту</p>
<b>Сурет салу</b>		Ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін (орамал, шапан, қамзол) салу, оларды пішіндердің ортасында және шеттерінде орналастыру. Ою-өрнекті өз бетінше ойдан салуға мүмкіндік беру. Ұжыммен бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп орындау, салынған суретпен түрлі ойындар ойнау.
<b>Мұсіндеу</b>		Қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын (қазан, астау, табақ, тостаған, керсен, ожау, күбі торсық), тұрмыстық заттарын (керует, ұстел, ер-тұрман, ошақ, кебеже, диірмен), зергерлік бұйымдарымен (білезік, сырға, сақина, тұмар, шашбау), туған өлкедегі мәдени мұра ескерткіштерімен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша мұсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән) безендіру, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау.
<b>Жапсыру</b>		Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру
<b>Құрастыру</b>		Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, киіз үйдің жасауларымен, тұрмыстық заттарымен, ыдыстарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу.
<b>Музыка</b>		<p>Би шығармашылығы.</p> <p>Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналу; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.</p>
<b>Коршаған ортамен таныстыру</b>		Қарапайым экологиялық ұфымдарды, адамның табиғаттың бір бөлігі екенін және оны қорғау, сактау керек екенін, күн мен ауаның адам, жануарлар мен

	өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы, табиғатпен қарым-қатынас барысында денсаулықты нығайтуды, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезіне білу.
--	--

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы**

**негізінде 2022 – 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы: «ТОО Хан Тәңірі-7» балабақшасы**

**Топ/сынып: Мектепалды топ «Айгөлек»**

**Балалардың жасы: 5 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі: 2022-2023 оқу жылы**

<b>Айы</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>
<b>Сәуір</b>	<b>Дене шынықтыру</b>	<p>Кимылды ойындар.</p> <p>Інта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі.</p> <p>Кимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау.</p>
	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<p>Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айтуды, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс тандау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану.</p>
	<b>Көркем әдебиет</b>	<p>Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айтуды, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу.</p>
	<b>Саят негіздері ашу</b>	<p>Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сзызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға</p>

		мүмкіндік беру
<b>Қазақ тілі</b>		<p>Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру.</p>
<b>Математика негіздері</b>		<p>Уақытты бағдарлау.</p> <p>Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту. Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау, циферблат бойынша уақытты анықтау.</p> <p>Тәулік бөліктерінің аудиосуын («кеш», «бүгін», «ертең»), оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау.</p>
<b>Сурет салу</b>		<p>Суретті қарапайым қаламның көмегімен женіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу, бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды беру, геометриялық пішіндегі заттарды салу.</p> <p>Бояумен сурет салу кезінде қылқаламды бояуға батыру, қағазға жуан сызықтарды сызарда қылқаламды көлденең, ал жіңішке сызықтар мен нұктелерді сизу үшін тігінен ұстап, суреттерді бояғанда бір бағытта солдан онға қарай, жоғарыдан төмен қарай, қиғашынан жүргізу.</p>
<b>Мұсіндеу</b>		<p>Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру, сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білу, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мұсіндеу, композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізу. Ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композицияларды құру дағыларын жетілдіру.</p>
<b>Жапсыру</b>		<p>Өлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру</p>
<b>Құрастыру</b>		<p>Табиғи (ағаш, мақта, жұн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық заттардан құрастыруға баулу.</p>
<b>Музыка</b>		<p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау.</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және</p>

		шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.
<b>Коршаған ортамен таныстыру</b>		<p>Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы; үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Нениң «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету.</p> <p>Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Ережелер барлығына жақсы болуы (қарапайым, жайлы, қауіпсіз) үшін жасалатынын балалардың түсінуі маңызды. Егер белгілі бір ережелер сакталмаған жағдайда не болатынын балалармен талқылау.</p>

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы**

**негізінде 2022 – 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы: «ТОО Хан Тәңірі-7» балабақшасы**

**Топ/сынып: Мектепалды топ «Айгөлек»**

**Балалардың жасы: 5 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі: 2022-2023 оқу жылы**

<b>Айы</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>
<b>Мамыр</b>	<b>Дене шынықтыру</b>	<p>Дербес қимыл белсенділігі</p> <p>Балалардың дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыруды, менгерген қимыл дағдыларын жетілдіру үшін серуен өткізілетін орынды жабдықтау, ойын алаңында балалардың жүргүне арналған кедергі жолдар жасау.</p> <p>Көктем, жаз мезгілдерінде велосипед тебуге, футбол, бадминтон, баскетбол ойындарына жағдай жасау.</p>
	<b>Сөйлеуді дамыту</b>	<p>Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті.</p> <p>Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану.</p>
	<b>Көркем әдебиет</b>	<p>Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру</p>
	<b>Саят негіздері ашу</b>	<p>Жазуды көзben қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан онға қимылдарды орындаап, сзықтарды үзбей салу.</p>
	<b>Қазақ тілі</b>	<p>Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға,</p>

		оыйншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлаң табуға баулу. Заттар мен оыйншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу.
<b>Математика негіздері</b>		<p>Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды көзқарасты, ойлау мәдениетін, таным процесін ерікті реттеу, шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу.</p> <p>Нүктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбесу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету</p>
<b>Сурет салу</b>		<p>Балалардың суретте қарапайым сюжеттерді: әлеуметтік оқиғаларды, қоршаған өмірдегі оқиғаларды, мерекелерді, адамдардың еңбегін, ертегілердің, өлеңдердің, әндердің желісін жеткізе білуін жетілдіру.</p> <p>Қазақ халқының өмірін, еңбегін, тұрмысын көрсете отырып, қазақ ертегілерінің желісі бойынша сурет салу. Ұжымдық жұмыстарға, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру</p>
<b>Мүсіндеу</b>		<p>Ойдан өз бетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. Мүсіндең заттарымен түрлі ойындар ойнау.</p> <p>Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сактау.</p>
<b>Жапсыру</b>		Қайши мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сактау
<b>Құрастыру</b>		Ойынға қажетті құрылышты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылышпен ойнауға мүмкіндік беру.
<b>Музыка</b>		Музыкалық (дауылпаз, асатаяқ, сазсырнай, тұяқтас, қоңырау, сыбызығы, домбыра, металлофон, ксилофон, бубен, барабан, маракас, румба) және шұлы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру
<b>Коршаған ортамен таныстыру</b>		<p>Коршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу; өз өмірінің қауіпсіздігін сактау (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындау, олардың соңынан ермеу).</p> <p>МобиЛЬДІ құрылғыларды қолдану кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін білу (күніне ата-аналардың рұқсатымен 30 минуттан артық емес мобиЛЬДІ</p>

	күрылғыларды қолдану).
--	------------------------